

МРНТИ 16.21.47

Ж. Наурызқанқызы

Орталық ұлттар университеті қазақ тіл-әдебиеті факультетінің магистранты
(ҚХР, Бейжің қаласы)

«ОҒЫЗНАМА» МӘТІНІНІҢ ЛЕКСИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация. Мақалада «Оғызнама» ескерткішінің мәтіндегі сөздер мен қазіргі қазақ тіліндегі сөздер тұрпат межесі мен мазмұн межесі тұрғысынан талданған. Сөздерді тақырыптық топтарға жіктей отырып, мақала авторы ескерткіштің тілі қазіргі қазақ тіліне жақын екенін көрсетеді.

Тірек сөздер: «Оғызнама», мәтін, фонема, мағына, қазіргі қазақ тілі, лексика.

Ж. Наурызқанқызы

Магистрант факультета казахского языка и литературы Центрального университета наций (КНР, г. Пекин)

ЛЕКСИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ТЕКСТА «ОГУЗНАМЕ»

Аннотация. В статье проанализированы слова в тексте памятника «Огузнаме» и слова в современном казахском языке с точки зрения формы и содержания. Классифицируя слова по тематическим группам, автор статьи показывает, что язык памятника близок к современному казахскому языку.

Ключевые слова: «Огузнаме», текст, фонема, значение, современный казахский язык, лексика.

Zh. Nauryzkanqyzy

Master's student of the Faculty of Kazakh Language and Literature of the Central University of Nations (China, Beijing)

LEXICAL FEATURES OF «OGUZNAME» TEXT

Annotation. The article analyzes the words in the text of the monument «Oguzname» and words in the modern Kazakh language from the point of view of form and content. Classifying words by thematic groups, the author of the article shows that the language of the monument is close to the modern Kazakh language.

Keywords: «Oguzname», text, phoneme, value, the modern Kazakh language, vocabulary.

«Оғызнама» – түркі тектес халықтарға ортақ эпикалық туынды. Ол ғылымда түрлі зерттеу мен көзқарастарға негіз болды. Оның қашан, қалай жырланып, жазбаға түскені белгісіз. Ғалымдар бұл дастанды алғаш рет б.з. IV ғасырында Үйсін мемлекетіне қарасты Тараз қаласында жазбаға түскен деп есептейді. VI ғасырда парсы тіліне аударылған нұсқасы VIII ғасырда Әбу Мүсілім Хорасанидың кітапханасында болған, оны IX ғасырда Бағдат халифасы харон Рашид арабшаға аудартқан. Мұны Аристов пен Бартольд та қостайды. «Оғызнама» дастаны ұзақ уақыт көшірілу арқылы тарайды. Әу баста көне түркі жазуымен, кейін соғды, араб жазуларымен көшірілді. IX ғасырда Жетісу, Сыр бойындағы

ру-тайпалар арасында кеңінен тараған. XI ғасырда қағаз бетіне түсірілген. XIV ғасырға дейін түрліше редакцияланып, бірнеше нұсқалы жырға айналған. Осы кездегі көшірме нұсқалар кейін Қаһира, Ыстамбұл, Лондон кітапханаларынан табылды.

Оғыз қаған аңызы XVI ғасырдағы тарихшы Рашид -ад-диннің «Жамиат- тауарихы» («Жалпы тарих») мен XVII ғасырдағы ортаазиялық тарихшы Әбілғазының «Түрік шежірелер жинағында» кездеседі. Бұдан басқа XIII ғасырда Тұрпаннан табылған ұйғырша нұсқасы мен кейінгі мезгілде шағатай тілінде жазылған Түркия ғалымы Орхонның қолындағы өлеңмен жазылған нұсқасы бар. Неміс ғалымы Детс 1815 жылы бұл шығарманың бірқатар бөлігін тұңғыш рет неміс тіліне аударған. XIX ғасырдың басында голландиялық ғалым Дис тарихи дастанның бір бөлігін «Жаңадан табылған «Оғызнама» деген тақырыппен өз тіліне аударған. Кейін Радлов, Щербақ, Риза Нур сынды ғалымдар дастанды орыс, ағылшын, неміс тілдеріне аударып, түсініктеме берген. Қолжазбаның соңғы соғды жазуында жазылған екі нұсқасы бар. Щербақ оның бірі XIII ғасырда Тұрпанда соңғы соғды жазуымен көшірілгенін, екіншісі XV ғасырға тән деп есептейді. Әрі соңғы көшірушілер қарлұқтар болған деп тұжырымдайды. Қарлұқтар XV ғасырда қазақ халқына қосылды. Щербақ осы нұсқаны аударып, түсінік беріп, транскрипциясымен 1959 жылы жеке кітап етіп бастырған. Қолжазбаның соңғы соғды жазуындағы нұсқасы қазір Францияның Париж қаласындағы «Халық кітапханасында» сақтаулы. Ол соңғы соғды жазуының сүйікек түрінде жазылған. Көлемі – 42 бет, 21 бөлек, әр беті 9 жолдан тұрады. Бас-аяғы жоқ. Сондықтан әуелгі аты болмаған жазба мазмұнына қарай «Оғызнама» деп аталып, сол атаумен зерттеліп келеді.

«Оғызнама» мәтінінде бірқатар сөздер қазіргі қазақ тілінде қолданыста бар. Мәтіндегі 600-ге жуық сөздің 70-тен астамы қазіргі қазақ тілінде мағынасы жағынан да, тұлғасы жағынан да ешқандай өзгеріссіз қолданылып жүр. Осыдан-ақ қазақ тілінің тегі арыда жатқанын, бүгінде қолданылып жүрген сөздердің ұлт болып қалыптасқан XV ғасырдан кейінгі кезде пайда бола салмағанын айқын аңғарамыз. Ондай сөздердің қатарында:

ana	duşman	süt	qiriq
artiq -	kün	söz	qilič
ay	kök	saqal	qalqan
at	köp	siz	qiz
aldi	kördi	tyl	qulan
arasında	köl	tüg	qip-qizil
atam	köz	tal	qacti
aytti	kirdi	tang	qipcaq
ayyir	muz	tangr	qoydi -
acqic	oynadi	toy	qart
aq	orman	tört	quriltay
böri	oq	tartip	özi
bir	ong	tübi	öl -
boldi	caq	tong	öng
bar	caqirdi	ucqan -	üc
birinči	ciqti	qizyl	
biz	carlap	qara	

т.с.с. жатқызуға болады.

Қоғам дамуына сәйкес тіл де өзгеріп, дамып отыратыны белгілі. Жаңа заттардың пайда болуына байланысты жаңа атау, түсінік пайда болады, бірқатар сөз уақыт өте келе қолданыстан шығып қалады, көнереді. Тіл лексикасының осы заңдылығын байқататын сөздер «Оғызнама» мәтінінде де мольнан ұшырайды. 600-ге тарта сөздің 70-ке жуығы қазіргі қазақ тілінде мүлде қолданылмайды:

ataş	шоқ	tüşimal	уәзір
------	-----	---------	-------

äriz	ерен	ud	өгіз, бұқа
ärdan	асыл	uzluy	шебер
bädük lädi	ер жетті	şırä	үстел
bändäng	арқалы орындық	şästilar	танғалып
bildürgülük	ұқтыру	bitidi	жаздырды
barıy	олжа	balıq	қала
kögüzündün	кеуде, көкірегінде	yıgacñı	дінгек
ya	садақ	yäz	жел
qamaıy	барлығы	kışı	бұлғын
qıat	жыртқыш аң	näpsiki	бері
qataylayu	бағыну	čida	сүңгі
qıdıyıda	жағасында	čubuyan	шұбат
čamat	ыза, ашу	qayafır	қашыр
sürmä	сыра (сұйықтық)	sarıya	жақ, бағыт
sipsingir	жоса	taloy	теңіз
tapuqlar	алдында	ögüzlär	өзендер

Сонымен қатар фонетикалық өзгеріске түскенмен, мағынасы, қызметі өзгермеген сөздер де бар:

ät	et	taqı	тауы
ärdi	edi	qurıqan	қоғуан
ärkäk	erkek	aday	ауақ
ärtä	erte	älčy	elčy
buıy	buıı	yarıp	jarip
altun	altın	qarangyu	qarangyı
yaqşı	jaqsı	qumuz	qımiz
aıız	awız	tay	taw
tuy	tw	soıuq	swıq
balbay	belbaw	tayuy	tawıq
yılqı	jılqı	yarlıq	jarlıq
yulduz	juldız	qaş	qas
aş	as	quş	qus
baş	bas	taş	tas
kışı	kisi	saç	şaş
qılıç	qılış	čubuy	sıbıq
açqıç	aşqış		

Бұл сөздер қазіргі қазақ тіліндегі нұсқасымен салыстырғанда, фонетикалық жақтан өзгеріске ұшырағанмен, мағынасында, атқаратын қызметінде көп өзгеріс тумағанын, оларды оқып түсіну қиынға соқпайтынын байқаймыз. Яки «ä» фонемасы «e» фонемасына, «y» фонемасы «j» фонемасына, «š» фонемасы «s» фонемасына, «č» фонемасы қазақ тіліндегі «š» фонемасына, «q» фонемасы «y» фонемасына, «w» фонемасы «i» фонемасына, «y» фонемасы «w» фонемасына алмасқан.

Мәтінде өзге тілден енген кірме сөздер де бар.

1. Моңғол тілінен енген сөздер:

möran – өзен

qurıltay – құрылтай

usuıı – су

lkünê – біріккен сөз, lê – көне түркіше, kün – моңғол тілінде «адам» дегенді білдіретін сөз. Көне түркі тіліндегі «lbudunê» (халық) сөзімен қарайлас.

Mğêkê birkê – азап, жапа, ол да – біріккен сөз. Алдыңғысы – моңғолша, соңғысы – көне түркіше.

2. Парсы тілінен енген сөз: атақ – от.

3. Санскрит тілінен енген сөз: nāpsiki – пері.

önglügi qıraqı – «өң-шырай» дегенді білдіретін қос сөздің алдыңғы сыңары – көне түркіше, соңғы сыңары – парсыша.

öу – «үй» сөзін бірқатар зерттеушілер ханзу тіліндегі 、营、城隍 (қала, қоныс) деген сөзден шыққанын айтады.

5. мәтіндегі сөздерді сөз таптарына айыру.

Мәтіндегі негізгі сөздер қазіргі қазақ тілі бойынша төмендегідей сөз таптарына топтастырылды:

• зат есім: at, orman, altun, yulduz, тауыра, қиліс, көз, ya, oq, күн, ay, buyu, balbaу, таууу, бөғы т.с.с.;

• сын есім: kök, qizil, qara, арақ, al, artıq, köp, azlıq, yazı т.с.с.;

• сан есім: bir, üç, төрт, toqız, qiriq, birinсы, ikinсы, üçinсi т.с.с.;

• есімдік: anung, sänlär, män, sän, ani, oşul, mundan, öz, bu, anda, qamaуı т.с.с.;

• етістік: kästi, yatti, kätti, kördi, aytti, atla-, qaçti, kыr-, tur-, käl-, aç-, bol-, qoydi, çapti т.с.с.;

• үстеу: bu çaqta, ісyндä, algünni, arasında, alından, bulung, başında, kăçälärdansong т.с.с.;

• демеулер;

• одағай сөз: ay, ah.

Сөздері мазмұнына қарай бірнеше топқа бөлінеді:

– Жарағылыс құбылысына қатысты сөздер. «Оғызнама» мәтіндегі сөздердің қазіргі қазақ тіліндегі баламасы:

orman	тау	qaratay	Қаратау
mürän	өзен	suуı	су
ögüz өзен	yär	жер	
tängыз	теңіз	ay	ай
taluy	теңіз	yulduz	жұлдыз
muztaу	мұзтау		
altun qazuq	Жетіқарақшы		
yaz	жел	köl	көл
kök	көк, аспан	tong	тоң (топырақ)
kün	күн	muz	мұз
qaуar	қар	usuуı	су
taу	тау		

Дини-нанымдық сөздер: kök böri, kök, qalıq, tangir, yalbarуu, kök yaruq, күн дәг yaruq т.с.с.

Жан-жануар, өсімдіктерге қатысты сөздер: böri, ud, yilqi, kik, aw, quş, қіат, buyu, tal, çubuу, yiуaç, адау, sungqar, qulan, аууір, at, buzaу, qaуatir, тауug, qoyun, кышы т.с.с.

Әскери атаулар: çida, ya, oq, qiliç, qalqan, tuу, barуu (олжа), çärig, äлсы, nökar, äl, bäg, duşman (жау), tüşymä (уәзір), urdi, öltür -, kästy, at, atlayu, basti, qaçti, aldi, yarlıq yarlap, ağıziуa, baқindі, saqlau (сақтау), qataуlayu (қорғау), tutulunç (шайқас), uruşуu, toquş, qarşu kälды, baş çalunуuluq (бас ию).

Мәтінде оқып, түсінуде, аудару барысында қиындық тудыратын сөздер де кездеседі.

• «Aw». Қазіргі қазақ тілінде «ау» – зат атауы, зат есім тұлғасында «балық аулау үшін қолданылатын тор» дегенді білдіреді. Сонымен қатар зат есімге жұрнақ жасау арқылы етістік тұлғалары («aw-la, aw-law, aw-ladi») түрінде жасалады. Мысалы: балық аулау, аң аулау, ау жаю т.б.

Ал «Оғызнама» мәтіндегі «aw» сөзінің бірқатар мәндері түсініксіз. Мысалы:

① Kik aw awlaya turur ärdi.

Киік, аң аулап жүруші еді.

② oşul orman ісyндä bädük bir қіат bar ärdy. bädük yaman bir кык ärdy.

Осы орман ішінде үлкен бір қіят бар еді, асқан жаман бір аң еді.

③ aw yärdä yürüşin qulan.

Түзде жүрсін құлан.

④ mäning köngülüm awnı тылап turur.

Менің көңілім аңды тілеп тұр.

⑤ kün, ay, yulduz kop kыklär, көр quşlar awlayularıdan song yold bir altun yani taptilar.

Күн, ай, жұлдыз, көп аң, көп құс аулаған соң жолдан бір алтын садақ тауып алды.

Бірінші және төртінші сөйлемде «aw» сөзі «аң» деген мағынада қолданылған. Үшінші сөйлемдегі «aw» сөзінің мағынасы түсініксіз. Бесінші және бірінші сөйлемде «аулау» түрінде етістік мәнінде жұмсалған. Бірінші сөйлемде «aw» «кык» сөзімен қатар келгенде жеке-жеке «аң», «кык» түрінде алынса, екінші сөйлемде «кык» сөзі «аң» мәнінде қолданылған. Бұл жерде «aw» және «kik» сөздерінің қайсысы «аң» мәнінде жұмсалғанын анықтау – алдағы ізденістердің міндеті.

• «Çarlap». Andan song ärtä bolupda aqalamı inilamy çarlap kældurды.

Онан соң ертесі болғанда ағаларын, інілерін шарлап келтірді (шақыртты).

Nökärlärin älgünläryn çarlap çaqırды.

Нөкерлерін, елдерін шарлай келтірді.

«Оғызнамаға» қатысты қазір қолданып жүрген материалдарымызда «çarlap» сөзінің қазіргі тілдегі баламасы көрсетілмеген, мағынасы да айқындалмаған. Бұл сөз қазіргі қазақ тілінде «шарлап келу, төңіректі шарлау, алыстан шарлау...» тұлғасында келіп, «байқау, аңду, қарау» дегенді білдіреді де көбінесе аскери іске қатысты мәтіндерде қолданылады.

«Оғызнама» мәтнінде «bulug» сөзі де кездеседі. Ол мәтінде жеке тұрып, толық мағына бере алады. Ал қазіргі қазақ тілінде бұл сөз қос сөздің құрамында келіп, мағынасыз сыңары ретінде жұмсалады. Мысалы:

kündünki bulungda barqan dägän byr yär bar turur.

Күнбатыста барқан деген бір жер бар еді.

Kim yäning tört bulungınung qayanı bolsam käräk turur.

Жердің төрт бұрышындағы қағаны болсам керек еді.

Мәтіндегі «bulug» сөзі «бұрыш, дүниенің төрт бұрышы» деген мәнде жұмсалады. «Бұлың-пұшпақ» сөзі қазіргі қазақ тілінде қос сөздің сыңары ретінде қолданылады.

Сонымен, «Оғызнама» мәтінін талдау негізінде ескерткіштің тілі қазіргі қазақ тіліне жақын екені байқалады. Мәтіндегі 600-ге жуық сөздің 70-тен астамы мағына, қызмет, тұлғасы жағынан қазіргі қазақ тіліне ұқсас, бірқатар сөздер фонетикалық жағынан ерекшеленгенмен, оқып, түсінуде көп кедергі тудырмайды. Мәтіндегі 60-тан астам сөз қазіргі қазақ тілінде кездеспейді. Бұл – қоғам дамуының тіл лексикасына тигізген әсері. Сонымен қатар басқа елдермен қарым-қатынас жасау, көрші отыру, шапқыншылықтар да тіл дамуында өзіндік ізін қалдырып отырған. Сол себепті «Оғызнама» мәтнінде өзге тілден енген сөздердің кездесуі – қалыпты құбылыс.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- [1] Әбілғазы баһадүр. Түрік шежіресі. – Іле: Халық баспасы, 2009. 201 б.
- [2] Гің Шымин, Мәкен Ілекенов. Оғызнама. Бейжің: Ұлттар баспасы, 1986. 106 б.
- [3] Қазақтың қысқаша тарихы. Шинжяң: Халық баспасы, 2009. 156 б.
- [4] «Іле» ғылыми-педагогикалық журналы. 2008. №1-4. – 26 б.
- [5] Шинжяң қоғамдық ғылым мінбесі. 2007. №1. – 36 б. 6. Мұра. 1984. №2. – 20 б.
- [6] Азат Изолла ұлы. Тасқа жазылған тарих. Шинжяң: Халық баспасы, 2003. 56 б.
- [7] Оразбек Қанапин. Ана тілің – алтын қазынаң. Іле: Халық баспасы, 2000. 18 б.
- [8] Гің Шымин. Шинжяң тарихын зерттеу (мақалалар жинағы). Бейжің: Орталық ұлттар университеті баспасы, 2001. 84 б.